

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 17 қазан

БЖЗК кеңселерінде тұрғындарға қызмет көрсету аясында күн сайын 13 мыңдай операция орындалады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрғындарға қолжетімді зейнетақы қызметтерін көрсетеді. 2019 жылдың 9 айы ішінде шамамен 12 млн қызмет көрсетілген. Оның 80 пайыздан астамы қашықтан – enpf.kz сайты, ұялы қосымша, БЖЗК өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары және [egov](http://egov.kz) электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылды. Алайда көп адам әлі де болса Қор мамандарына жүгінгенді жөн көреді.

Биылғы жылдың қаңтарынан қазан айына дейін Қор кеңселері мен көшпелі қызмет көрсету шаралары барысында шамамен 2,3 млн операция орындалды. Қор кеңселерінде күн сайын орта есеппен 13 мың қызмет көрсетіледі. Тұрғындар кеңселерге әдетте жеке деректемелерін өзгертіп, зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу үшін келеді. Жыл басынан бері осы мәселе бойынша 570 мыңнан астам өтініш тіркелген. Олардың 85 пайызы Қор кеңселерінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар салымшылар зейнетақы шоты бойынша ақпарат алу тәсілін интернет-байланысы тәсіліне ауыстыру үшін өтініш жасайды. Соңғы 9 ай ішінде осы мәселе бойынша шамамен 350,5 мың адам өтініш берсе, 86 пайызы бұл үшін Қор кеңселеріне келген.

Азаматтарды мазалайтын тағы бір мәселе БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін алу. Еске сала кетелік, 2018 жылдың қазан айында Композиттік қызмет іске қосылған болатын. Соған сәйкес зейнет жасына толған азаматтар мемлекеттік зейнетақылар мен Қордағы жинақтары есебінен берілетін төлемдерді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығында рәсімдейді. Алайда БЖЗК-дан берілетін басқа төлем түрлері бойынша Қорға 71 мыңнан астам адам жүгінген. Бұл ретте алушылардың 99 пайызы тікелей Қор кеңсесіне келіп, өтініш жасағанды қалайды.

БЖЗК-ның барлық кеңселері мен қызметкерлеріне түсетін жүктемеге тұрақты түрде талдау жасалынады. Қордың көрсететін қызметтерін автоматтандыру, электрондық қызметтердің үлесін көбейту, операциялық бөлімшелерді оңтайландыру, еңбек өнімділігін жетілдіру арқылы қызметтерді дамыту, шығындарды оңтайландыру және Қор қызметінің тиімділігін арттыру жұмыстары одан әрі жалғасып жатыр.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңсесіне берілді. Зейнетақы

заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).